

НЕГІЗІМІЗ – ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Бала тәрбиесінің негізі балабақшада қаланады. Бүгінгі күні балалардың интеллектуалдық дәрежесінің күннен күнге артуына байланысты балабақша жұмысы да жаңа әдістерді енгізуді талап етеді.

ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ТЕХНИКА

Қазіргі ғылыми зерттеулер тұлғаның бойындағы шығармашылықты дамытудың оның жалпы дамуына қайталанбас ықпал беретінін дәлелдеді. Ол арқылы баланың ойлау қабілеті жетіледі, әдемілікке, сұлулыққа құштарлығы артып, өнерде де, сол сияқты өмірде де бала сезімтал бола бастайды. Осы тұрғыдан біз балабақшада 2018 жылдан бастап жаңа технология – «жіп-инесіз құрақ құрау» техникасын қолданып келеміз. Бұл техниканы таңдап алу себебіміз – қазақ әжелерінің құрақ құрау ісін жаңа әдіспен дамыту, балаларға өшіп бара жатқан қазақ дәстүрін, асыл мұрасын дәріптеу.

«Жіп-инесіз құрақ құраудың мақсаты» – матаны және мата қиындыларын әртүрлі пішіндерде біріктіріп-құрастыра, қиюластыра отырып кәдеге жарату арқылы баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Бұл жерде жаңа бұйым жасап шығару, қиыстырып құрақ құрау арқылы берілген тапсырманы аяғына

дейін жеткізу сияқты аса қажетті қасиетті де қалыптастыру мақсаты көзделген.

Құрақ құрау, оны тамашалау сұлулықпен, әдемілікпен сырласуға, оны бойына сіңіруге, бояулар әлемін танып-түсінуге үйретеді. Құрау құрау техникасы мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасын, ойлау, есте сақтау қабілетін, қиялын дамытады. Сондай-ақ түстерді ажыратып, оны бір-біріне үйлесімді құрастыруға бейімдейді, ұқыптылыққа тәрбиелейді әрі баланың еркін ойлау қабілетін арттырады. Баланың көз бұлшық еттері мен саусақ бұлшық еттерін дамытады.

Құрақ құрау баланың жасырын мүмкіндіктерін ашып, моральдық қанағаттануын қамтамасыз етеді. Денсаулығында ауытқуы бар, мүмкіндігі шектеулі (инклюзивті) балалардың бойындағы психологиялық-педагогикалық кедергілерді жоюға ықпал етеді. Сонымен қатар құрақ құрау техникасы инклюзивті білім берудегі кедергілерді жоюға, баланы белсенділікке шақыруға, балалардың жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне орай қоршаған ортаға бейімделуіне жағдай туғызуға көмектесетін тиімді құрал болып табылады.



ТЕХНИКАНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҚСАТЫ

Балабақшада осы құрақ құрау техникасын жоғары топтар (ересек, мектепалды) оқу қызметінде қолданады. Мұндағы мақсат – ересек топ балаларына (4-5 жас) жануарлардың қарапайым графикалық бейнесін құрауға үйрету. Айналадағы дүниенің заттық көлемін, пішінін, түсін сақтай отырып жаңа техниканы қолдануға, жануарлар мен гүлдердің суретін жасауға, тапсырманы жасау барысында заттардың, ертегі және тағы басқа кейіпкерлердің көлемін, мінез-құлық ерекшеліктерін көрсете білуге баулу.

Балаларға жұмыс жұмыс барысында түстерді өз қалауларына қарай таңдату маңызды. Осы орайда трафаретті пайдалануға, техниканы дұрыс қолданып шыңдай түсуге, түстердің орналасу реттілігін, үйлесімділігін сақтауға үйретуге көңіл бөлінеді. Көлемді, түсті, кеңістікті қабылдай білуін жетілдіру, түс туралы түсініктерін бекіту, табиғат сұлулығын эстетикалық тұрғыда қабылдай білуін дамыту миссиясы орындалады.

Мектепалды топ балаларын (5-6 жас) жылы және суық түстермен таныстыру, олардың хроматикалық (түстің сарыны, қанықтылығы және ашықтылығы) және ахроматикалық (ақ, қара, сұр) түстер туралы білімдерін кеңейту көзделген. Сол арқылы өз тәжірибелеріне сүйеніп шығармашылықта техниканы дұрыс қолдануды жетілдіру, қарапайым өрнектермен заттарды безендіруге үйрету мақсатына қол жеткізіледі.

Ұлттық нақыштағы техниканы қолдану олардың бойында патриоттық сезімді оятуға да атсалысады. Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін жасауда жаңа техниканы дұрыс қолдануды жетілдіру де маңызды. Балаларға жұмыс барысында қалауы бойынша түстерді таңдау, трафаретті пайдалану мүмкіндігі беріледі.



Сонымен қатар денсаулығында ауытқуы бар, мүмкіндігі шектеулі (инклюзивті) балалардың бойындағы психологиялық-педагогикалық кедергілерді жоюға, олардың қызығушылықтары мен зейін салу қабілеттерін арттыруға көңіл бөлінеді.

Техниканы дұрыс қолдана отырып, «жіп-инесіз құрақ құрау» техникасын шыңдай түсу түстердің орналасу реттілігін, үйлесімділігін сақтауға үйретеді. Қазіргі уақытта балалар бұл технологияны жетік меңгерген. Өз кезегінде бұған ата-аналар да атсалысуда. Ата-аналардың және балалардың қатысуымен көрме ұйымдастырылған.

ТЕХНИКАНЫҢ ЕРЕКШЕЛЕГІ НЕДЕ?

«Жіп-инесіз құрақ құрау» – бұл нағыз өнер, мата қалдықтарын үнемдеп тігудің ерекше түрі.

Құрақ құрау өнерінің мәні тереңде жатыр. Ол әжелеріміздің шеберлігін, ісмерлігін дәріптейтін ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан өнердің бір түрі.

Ертеде апа-әжелеріміз құрақ құрай отырып, немере қыздарына арналған құрақты: «Отан болып құралып кетсін, өсіп-өнсін» деген тілекпен жасаған.

Құрақ – мата қалдықтарынан, қиындыларынан жасалатын үй бұйымының бірі. Орыс тілінде құрақ құрау өнері «лоскутное шитье» деп аталады. Орыс халқының құрақ құрау өнері өте ерте заманнан келе жатқан өнер түрі. Шығыста, Мысырда, Каир төңірегінде үш мың жыл бұрын тігілген құрақ бұйымдар табылған. Бұл – осы әдістің ежелден бері адамзатпен бірге жасасып, оның дамуына ықпал еткендігінің бір белгісі. Бұл жұмыс инесіз, жіпсіз істеледі. Балаларға қауіпсіз.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында оқыту, тәрбие беруде жаңа технологияларды қолдану басты мәселенің бірі болып табылады. Осыған қарай мектепке дейінгі ұйымдарда жұмыс барысында оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі техноло-



гиялары енгізілуде. Біз «жіп-инесіз құрақ құрау техникасын» бұл міндетті орындаудың бір әдісі ретінде қолдандық.

БІЗДІҢ ЖЕТІСТІКТЕР

Мектепке дейінгі білім берудің негізгі аспектілерін үнемі басшылыққа алатын мекемеміздің жетістіктері де жоқ емес. 2019 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі педагогтарының «Жүрек жылуын балаларға береміз» атты V Қазақстан слеті аясында «Педагогикалық шығармашылықтың құпиялары» тақырыбы бойынша дипломмен марапатталды. Сол сияқты «Жаңашыл жетекші – 2019» республикалық онлайн байқауда 1-ші орынды жеңіп алды. Халықаралық білім беруді дамыту академиясының қолдауымен «Ұлттық Мұра – Ұлы Абай» тақырыбында қашықтықтан өткізілген мектепке дейінгі ұйым педагогтарының VI Республикалық слетінің жұмысына белсенді қатысқаны және педагогикалық шеберлік пен біліктілік, мақсатқа же-

туде шығармашылық танытқаны үшін біздің мекеменің педагогтары өткен жылы алғыс хатпен марапатталды.

Балабақшамыздың педагог-психологы 2019 жылы «Шексіз талант» қалалық байқауының үздігі атанды. Балабақша тәрбиеленушісі 2020 жылы «Пай-пай балақай!» байқауының «Шебер қолдар» номинациясы бойынша 1-ші орын иеленді. Аудандық педагогикалық оқуда тәрбиеші Масақбаева Бибигүл Рахатқызы бас жүлдені жеңіп алды. Үздік әдіскер–2019 байқауында, балабақша әдіскері Кулджина Ғалия Бекзұрқанқызы жүлделі орын алды. «Жіп-инесіз құрақ құрау техника-

сын» оқу қызметінде қолдануға арналған кітап жарыққа шығаруға дайындалуда.

Осындай әр түрлі әдіс-тәсілдерді, әдістен тыс техникаларды ерекшеліктеріне, мән-мағынасына қарай таңдап, талдап қолданатын болсақ, жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеп, дүниетанымының қалыптасуына ықпал ететініміз және оларға жаңаша білім беру мазмұнын қалыптастыра алатынымыз анық.

Шаттық МУХАМЕТРАХИМОВА,
Алматы қаласы Бостандық ауданының №140 бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі

АННОТАЦИЯ ○

В данной статье речь идет о технике «построение лоскута без ниток», которая совершенствует мышление ребенка, повышает его тягу к красоте, о работе, проводимой воспитателями и педагогами детского сада, которая помогает детям овладеть этой техникой. Автор рассматривает цель данной техники – сформировать у детей такое свойство, как аккуратность, внимательность, свободное мышление, развивать память, мелкую моторику рук, глазные мышцы детей дошкольного возраста, познавать мир красок.

